

ТАҒЫЛЫМ

Жамбыл Жабаев ғұмыр көшкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мындаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-өлеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

АБЫЗ АҚЫН АРДАҚТАЛДЫ

Ал түбірлі өзгерістерге ашап келерін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр көшкен ұрпақтың өмірі қашан да күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғаның тағдыры айрықша айналысқа табы болған. Соған қарамастан Жамбыл өзінің болашақ тағдырымен, қарын тегеурінімен, біртұтас бағытымен өз заманындай айналысқанына басын білді. Ол өзінің өмір сүрген тұтастас дәуірдің қиыншылықтарымен жасап, өмір сүрген айларымен сол дәуірдің сараңап берді. Сондықтан да бұл оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағаттатты. Ұлы дала абыз ақын Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына орай М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да үлкен іс-шара болып өтті. Іс-шараға оқу ордамыздың оқытушы-профессорлар құрамы және қонақтар қатысты.

Іс-шараны жүргізген «Филология» факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Болат Мақұлбекұлы Тәуербегиев: «Бүгін елімізде Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойы тойланып жатыр. Мерейтойдың тағы да маңызы бар екенін, шаралардың орын алып отырғанын білеміз, бірақ отарланған есебімізде сол қазақ халқының абыз ақынның шығармашылығы мен туындыларын айналыстырып болып өтпеген білу. Бұл іс-шараға қатысуға қоғам қайраткерлері мен арнайы делегация оқу ордамызға ат басын тастады. Жамбыл бабамыздың 170 жылдығына арнап кездесуге келіп отыр», дей келе, қонақтарды көпшілікпен таныстырып өтті. Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Алматы облысы Жазушылар Одағының төрағасы, академик Нағашыбек Қапалбекұлы және жетекшісі Мейрамқұл Алтынбеков, сонымен қатар бұл іс-шараға Алматы облысы, Қарасай ауданының құрметті азаматы Махметов Бекжан және қазақ халқының абыз ақын Ж.Жабаевтың туған шөбересі, ақын Досмұрат Жамбылов арнайы шақырылғанын атап айтты.

Сыйлы қонақтың Халықаралық Жамбыл қорының президенті, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының «Құрметті азаматы», Жамбыл, Қарасай аудандарының құрметті азаматы, қоғам қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының профессоры, Д.Қонаев атындағы гуманитарлы заң университетінің профессоры М.Әуезов атындағы ОҚМУ құрметті профессоры Нағашыбек Қапалбекұлының қаламынан 100-ден аса повестер, әңгімелер, тарихи шежірелер, ғылыми зерттеу еңбектері туындаған. Қарасай, Сұраншы, Наурызбай, Ораз Жандосов, т.б. туралы және ерекше атап айтармыз, ол Ж.Жабаевтың еңбектері мен туындыларын зерттеумен айналысқан. Ғылыми зерттеулері мен шығармалықтары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да қолданылууда. Үнемі біздің оқу ордамызбен тығыз байланыста жүрген қоғам қайраткерінің шығармаларымен ұрпағымыз мақтан етіп жүргені белгілі. Сөз кезегін алған қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы: «Өз лебізін білдіре келе университет ректоры, т.ғ.д.,

профессор Ж.У.Мырхалықовқа Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атағын табыс етті.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор Ж.Үшкемпірұлы: «Құрметті қонақтар! Құрметті әріптестер! Бүгінгі жылы елімізде XX ғасырдағы жыраулық поэзияда теңдесі жоқ ақын Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығы атап өтуде. Жамбыл бабамыздың мерейтойына арналып университетте бірнеше іс-шаралар өтті. Атап айтсақ, «Ұлы даланың абыз ақын» атты аймақтық жыр мұшайрасы өтті, жетімпаздар марапатталды. Университетіміздің ғылымдары мерейтойға байланысты «Жамбыл феномені» атты ғылыми зерттеу мақалаларын жинақтап, кітап жарыққа шықты. Гуманитарлық бағыттағы мамандықтардың барлығы осы іс-шараны атап өтті. Іс-шара нәтижелері облыстық республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрді. Өкінішті нәтижелердің тиістісімен болып жүрген оқу ордамыздың оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерінің шығармашылығын айтып отырмын!

Құрметті қонақтар! Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы тапсырылып отыр. Бұл жердегі тек мөңгі ғана емес, университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамының да маңы деп білеміз. Бұл университеттің шығармашылық және ғылыми жетістіктерінің жоғары бағалануының нәтижесі екені белгілі. Оқу ордамыз еңсесіз, оның ішінде гуманитарлық бағыттағы зерттеулерге арнайым қолдауын беруге дайын. Мұндай іс-шаралар азаматтар бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, үлкен сезімді титіледі деп есептеймін. Сондықтан, миған сөзім бішкірген Жамбыл ауданының әкімі Далабаев Жанларбек мырзаға және аудандық әкімдігінің ризашылығым шексіз! Өз атымаң және ұжымның атынан осы іс-шараның бастамашысы болып жүрген Нағашыбек Қапалбекұлына ерекше алғысөзді білдіремін! Бүгін университет Елбасы Н.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қолдайы және еліміздің өркендеуі үшін аялбай еңбек етуде! Сіздердің бізге деген сенімдеріңіз үшін алғыс білдіремін!» - деген сөзін қорытындылады.

Іс-шарада ОҚО және Бәйдібек ауданының «Құрметті азаматы», ҚР Құрметті журналісі Бәйдібек Қолыбеков, т.ғ.д., профессор Дасибеков Әзібек Дасибекұлы, «Сұраншы бағыр» атындағы орталықтың жетекшісі, т.ғ.к., доцент Болаттемір Алтаев, «Ұлы даланың абыз ақын» атты мұшайраның бас жұлде иегері Мұқағали Кенжетайұлы, ф.ғ.к., доцент Құрманғали Оразбаев сөз сөйледі. Сонымен қатар іс-шараға арнайы келген Жамбыл Жабаевтың туған шөбересі, ақын Досмұрат Әлімқұлов жырдан шашу шашты.

Е.БАЙҚОНЫСОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ
«Тәрбие ісі және жастар саисаты»
департаментінің директоры